

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«Шымкент қалалық коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану
тиімділігіне сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізу» сараптамалық-
талдау іс-шарасы бойынша жүргізілген нәтижелеріне сараптамалық-
талдау қорытындысы**

**ШЫМКЕНТ
2025 жыл**

Мазмұны

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша ағымдағы жағдайды талдау

II. Талдамалық бөлік

- 2.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша 2022-2024 жылдардағы ағымдағы жағдайды талдау;
2.2. 2022-2024 жылдардағы коммуналдық активтерінің пайдалану тиімділігін бағалау;
2.3. 2022-2024 жылдардағы коммуналдық активтерін бақылау жүйесінің тиімділігі және проблемалық мәселелер;
2.4. Сараптамалық-талдау іс-шарасы барысында туындаған өзге де мәселелер

III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар

ҚОСЫМШАЛАР

I.Кіріспе бөлік

1.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша ағымдағы жағдайды талдау

Шымкент қаласы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің 2025 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес «Шымкент қалалық коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану тиімділігіне сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізу» сараптамалық-талдау іс-шара объектілеріне шықпай, «903. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуі бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына» сәйкес және сараптамалық-талдамалық іс-шара бағдарламасымен жүргізілген.

Сараптамалық-талдамалық іс-шараның мақсаты: Шымкент қалалық коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану тиімділігіне талдау.

Сараптамалық-талдамалық іс-шараның мәні: Шымкент қаласы бойынша коммуналдық активтерін бақылау жүйесінің тиімділігі және түйінді мәселелері.

Талдау мерзімі: 01.10.2022-31.12.2024 жылдар аралығы.

Сараптамалық-талдамалық іс-шараның объектісі:

«Шымкент қаласының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Зерттеу, талдау және бағалау 2022 жылдағы 1 қаңтары мен 2024 жылдың 31 желтоқсан аралығындағы коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану тиімділігі қамтылды.

Сараптамалық-талдау жұмыстарын жүргізу кезінде уәкілетті органға сұрау салулар жасалып, ресми интернет-ресурстардан мәліметтер жинақталды. Сондай-ақ, сараптамалық-талдамалық іс-шара барысында берілген жеке түсіндірмелер назарға алынды.

Сараптамалық-талдау іс-шарасының мәселесі: Шымкент қалалық коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану тиімділігіне талдау.

Сараптамалық-талдамалық іс-шараның көрсеткіштері:

- тиімділік Шымкент қалалық коммуналдық активтерінің жай-күйімен пайдалану тиімділігі.

Осы сараптамалық қорытындыны дайындау кезінде өтінімдерді қалыптастыру арқылы сараптамалық-талдау қызметінің мәні бойынша мәліметтер жинақталған қосымшаларға сәйкес материалдармен құжаттар пайдаланылды.

Қаржы басқармасымен ұсынылған мәліметтерге сәйкес, бүгінгі күнге (01.10.2025ж.) Шымкент қаласы әкімдігіне қарасты 427 заңды тұлға бар, оның ішінде, 161-ы квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылады. Атап айтқанда, 106 – қазыналық кәсіпорын, 46 – шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын, 3 – акционерлік қоғам, 6 – жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Ал, 266 заңды тұлға – бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, олар 31 – мемлекеттік мекеме, 235 – коммуналдық мемлекеттік мекеме.

II. Талдамалық бөлік

2.1. Сараптамалық-талдау іс-шарасы бойынша 2022-2024 жылдардағы ағымдағы жағдайды талдау.

Шымкент қаласының коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғалар туралы

2022 жыл

Шымкент қаласының коммуналдық меншігінде 421 заңды тұлға тіркелген, атап айтқанда: 31 мемлекеттік мекеме, 234 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 103 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 46 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, 4 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 3 акционерлік қоғам.

2023 жыл

Шымкент қаласының коммуналдық меншігінде 424 заңды тұлға тіркелген, атап айтқанда: 31 мемлекеттік мекеме, 234 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 105 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 46 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, 5 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 3 акционерлік қоғам.

2024 жыл

Шымкент қаласының коммуналдық меншігінде 436 заңды тұлға тіркелген, атап айтқанда: 31 мемлекеттік мекеме, 248 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 105 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 46 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын, 3 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 3 акционерлік қоғам.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ мемлекеттік мүлік реестрін ұстау және жүргізу бойынша оператор болып белгіленген, осыған орай Шымкент қаласының коммуналдық мүлкін есепке алынуын ұйымдастыру үшін Шымкент қаласының қаржы басқармасы «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ-мен келісім шарт негізінде жұмыс атқаруда.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы №636 «Мемлекеттік мүлік тізіліміне есепке алу объектілері деректерін енгізудің, сондай-ақ мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізудің бірыңғай әдістемесін бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – *Әдістеме*) 3-тармағына сәйкес, жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей Тізілімге қосу үшін мемлекеттік заңды тұлғалар есепті жыл қорытындылары бойынша олардың теңгерімінде бекітілген мүлікті түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жөнінде ақпаратты ұсынады.

Ғимараттар мен автокөліктер туралы

Бүгінгі таңға, қаланың коммуналдық меншігінде жалпы алаңы 1,7 млн шаршы метрді құрайтын 470 ғимарт бар.

Жалпы 470 ғимараттардың 27-сі әкімшілік ғимараттар болса, 443 ғимараттарда әлеуметтік сала ұйымдары орналасқан, оның ішінде:

1) Білім саласы ұйымдарында жалпы 269 ғимараттар тіркелген, оның ішінде, 149 мектеп, 71 балабақша, 10 колледж, 39 қосымша білім беру мекемелері;

2) Денсаулық сақтау саласы ұйымында жалпы 86 ғимараттар тіркелген, оның ішінде, 13 медициналық, 2 перинаталдық орталық, 1 бөбектер үйі, 13 емхана, 5 аурухана, 1 колледж бар, медициналық ұйымдардың қосымша бөлімшелері 51;

3) Мәдениет саласы ұйымдарында жалпы 54 ғимараттар тіркелген 8 кітапхана, 23 мәдени-шығармашылық ұйымдарының ғимараттары және 23 филиалдары;

4) Жұмыспен қамту басқармасының әлеуметтік ұйымдары жалпы 13 ғимараттарда орналасқан;

5) Спорт саласы ұйымдарындағы жалпы 21 ғимараттар 17 спорт ұйымдарында тіркелген.

Коммуналдық меншіктегі автокөліктер жөнінде, барлығы 1 544 автокөлік бар, олардың жалпы құны 15 млрд. теңге болса, қалдық құны 5,4 млрд. теңгені құрайды.

Оның ішінде:

1) 860 автокөлік қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелер және квазимемлекеттік ұйымдар (МКҚК, ШЖҚ МКК, ЖШС, АҚ) теңгерімінде бар (2024 жылы 65 автокөлік алынған болса, оның 38-і әкімдік мекемелеріне, ал 27 – сі өңірлік департаменттерге үлестірілген);

2) 684 автокөлік Полиция департаментінің теңгерімінде, онымен қоса лизинг арқылы 120 автокөлік алынған.

Мемлекеттік мекемелердің активтерінің қаржылық (құны) жиыны туралы

2023 жылы Шымкент қаласы әкімдігінде жалпы бастапқы құны 613 722 640,9 мың теңге, аяғындағы құны 772 388 217,4 мың теңге болатын мемлекеттік мекемелердің активтері (негізгі құралдар) тіркелген, оның ішінде, жер 13 968 837,5 мың теңге, ғимараттар 266 711 566,6 мың теңге, құрылыстар 202 283 573,8 мың теңге, беріліс құрылғылары 42 139 012,4 мың теңге, көлік құралдары 9 418 289,9 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 40 722 383,4 мың теңге, аспаптар, өндірістің және шаруашылық мүкәмәл 9 280 109,8 мың теңге, өзге негізгі құралдар 29 198 867,5 мың теңге.

Сонымен қатар, бастапқы құны 220 901,3 мың теңге болатын биологиялық активтермен бастапқы құны 1 975 854,6 мың теңге болатын материалдық емес активтер тіркелген.

Кесте № 1

31.12.2023		Негізгі құралдар					аяғындағы құны
р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны	

жер	13 968 837,50	4 208 080,50	4 025 662,50	0,00	14 151 255,50	14 151 255,50
ғимараттар	266 711 566,60	98 136 970,70	37 797 852,40	56 643 507,80	270 407 177,10	327 050 684,90
құрылыстар	202 283 573,80	79 343 361,50	24 872 899,80	59 800 377,00	196 953 658,50	256 754 035,50
беріліс құрылыстары	42 139 012,40	42 418 742,30	401 996,90	4 910 924,50	79 244 833,30	84 155 757,80
көлік құралдары	9 418 289,90	1 048 088,30	4 371 172,70	3 300 641,50	2 794 564,00	6 095 205,50
машиналар мен жабдықтар	40 722 383,40	4 523 234,80	781 734,50	24 889 707,30	19 574 176,40	44 463 883,70
аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәл	9 280 109,80	2 267 138,80	503 437,70	5 262 900,10	5 780 910,80	11 043 810,90
өзге негізгі құралдар	29 198 867,50	4 243 809,90	4 769 093,80	11 029 304,80	17 644 278,80	28 673 583,60
Барлығы	613 722 640,90	236 189 426,80	77 523 850,30	165 837 363,00	606 550 854,40	772 388 217,40

Биологиялық активтер

р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны
	жануарлар	31747,2			11416,5	20330,7
	көпжылдық екпелер	189154,1			7566,2	181587,9
	Барлығы	220901,3	0	0	18982,7	201918,6

Материалдық емес активтер

р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны
	бағдарламалық қамтамасыз ету	1017688,3	22167,6	136,8	444082,3	595636,8
	авторлық құқық	35000			9041,7	25958,3
	лицензиялық келісім	54			22,5	31,5
	өзгелер	923112,3			461144,4	461967,9
	Барлығы	1975854,6	22167,6	136,8	914290,9	1083594,5

2024 жылы Шымкент қаласы әкімдігінде жалпы бастапқы құны **772 388 217,4** мың теңге, аяғындағы құны 967 145 261,5 мың теңге болатын мемлекеттік мекемелердің активтері (*негізгі құралдар*) тіркелген, оның ішінде, жер 14 151 255,5 мың теңге, ғимараттар 327 050 684,9 мың теңге, құрылыстар 256 754 035,5 мың теңге, беріліс құрылыстары 84 155 757,8 мың теңге, көлік құралдары 6 095 205,5 мың теңге, машиналар мен жабдықтар 44 463 883,7 мың теңге, аспаптар, өндірістің және шаруашылық мүкәмәл 11 043 810,9 мың теңге, өзге негізгі құралдар 28 673 583,6 мың теңге.

Сонымен қатар, бастапқы құны 267 951,9 мың теңге болатын биологиялық активтермен бастапқы құны 2 488 729,6 мың теңге болатын материалдық емес активтер тіркелген.

Кесте №2

31.12.2024

Негізгі құралдар

р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны	аяғындағы құны
	жер	14 151 255,50	5 977 048,30	6 093 287,00	0,00	14 035 016,80	14 035 016,80
	ғимараттар	327 050 684,90	135 163 940,50	70 764 606,70	67 559 840,70	323 890 178,00	391 450 018,70
	құрылыстар	256 754 035,50	59 851 131,00	2 836 262,30	74 819 214,10	238 949 690,10	313 768 904,20
	беріліс құрылғылары	84 155 757,80	57 230 788,90	279 734,60	8 814 171,10	132 292 641,00	141 106 812,10
	көлік құралдары	6 095 205,50	5 431 135,60	1 980 730,30	3 622 808,50	5 922 802,30	9 545 610,80
	машиналар мен жабдықтар	44 463 883,70	11 881 890,20	7 888 658,40	27 581 570,00	20 875 545,50	48 457 115,50
	аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәмәл	11 043 810,90	5 410 941,80	3 244 176,50	6 292 494,00	6 918 082,20	13 210 576,20
	өзге негізгі құралдар	28 673 583,60	6 938 860,40	41 236,80	16 359 012,30	19 212 194,90	35 571 207,20
	Барлығы	772 388 217,40	287 885 736,70	93 128 692,60	205 049 110,70	762 096 150,80	967 145 261,50

Биологиялық активтер

р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны
	жануарлар	78797,8		4950	21515,3	52332,5
	көпжылдық екепелер	189154,1			30264,7	158889,4
	Барлығы	267951,9	0	4950	51780	211221,9

Материалдық емес активтер

р/н	ББӨ	бастапқы құны	түсімдер	шығуы	амортизация	қалдық құны
	бағдарламалық қамтамасыз ету	1530563,3	22167,6	136,8	444082,3	595636,8
	авторлық құқық	35000			9041,7	25958,3
	лицензиялық келісім	54			22,5	31,5
	өзгелер	923112,3			461144,4	461967,9
	Барлығы	2488729,6	22167,6	136,8	914290,9	1083594,5

2022-2025 жылдар аралығында 1 ғимарат және 127 дана автокөлік электронды аукцион арқылы сатылған, сатылу құны **147 913,0,7** мың теңгені құраған.

Кесте №3

2022-2025 жылдары сатылған объектілер тізімі

№	Объектінің аты	Объектінің типі	Сату тәсілі	Сатушы	Бағаланған құны / теңге	Сатылу құны / теңге
1	Қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығының бір қабатты бұрынғы ғимараты	Жылжымайтын мүлік	электронды аукцион	Шымкент қаласы қаржы басқармасы	8 817 000	40 513 877
2	Автокөлік	Транспорт (127 дана)	электронды аукцион	Шымкент қаласы қаржы басқармасы	217 173 380	107 399 748
Жиыны:					225 990 380	147 913 625

Пайдалануға берілген нысандар бойынша

2022 жылы жалпы игерілген қаржы **43 397 460,0** мың теңгені құраған, нәтижесінде **82** нысан пайдалануға берілген, оның ішінде, энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы 16 383 298,0 мың теңге болатын 41 нысан, құрылыс басқармасы 26 081 953,0 мың теңге болатын 38 нысан, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 1 135 368,0 мың теңге болатын 3 нысан.

2023 жылы жалпы игерілген қаржы **54 886 119,0** мың теңгені құраған, нәтижесінде **81** нысан пайдалануға берілген, оның ішінде, энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы 11 837 028,0 мың теңге болатын 23 нысан, құрылыс басқармасы 34 982 070,0 мың теңге болатын 50 нысан, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 8 067 021,0 мың теңге болатын 8 нысан.

2024 жылы жалпы игерілген қаржы **89 135 814,0** мың теңгені құраған, нәтижесінде **92** нысан пайдалануға берілген, оның ішінде, құрылыс басқармасы 87 882 826,0 мың теңге болатын 85 нысан, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 1 200 867,0 мың теңге болатын 6 нысан, қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы 52 121,0 мың теңге болатын 1 нысан.

2.2. 2022-2024 жылдардағы коммуналдық активтерінің пайдалану тиімділігін бағалау;

2022 жыл

2022 жылы коммуналдық меншіктегі мүліктерді тиімді пайдалану мақсатында қаланың коммуналдық заңды тұлғаларының теңгерімінен 4 автокөлік, 37413 литр ветеринариялық препарат (сұйық), 7 жылжымайтын мүліктер (спорт зал, саябақ, спорт мектебінің ғимараты, аурухана), 32-қазандық ғимараты, 2 жобалау – сметалық құжаттама, 36 серверлік үй жай және 2403 негізгі қорларды басқа коммуналдық заңды тұлғалардың теңгеріміне беру бойынша бұйрықтар шығарылып, коммуналдық мүліктерді қабылдау-өткізу актілері бекітілген.

Сондай-ақ, қаланың коммуналдық меншігіне төмендегі мүліктер қабылданған:

- республикалық меншіктен 3 ғимарат, 12 пәтер, 1 043 952 ветеринариялық препараттар, 285 түп ағаштар мен шыршалар, планшеттер 1365;

- сыйға тарту шарты бойынша 3 ЖСК;

- Түркістан облысынан 5 әкімшілік ғимарат, 7 447 негізгі қорлар.

Сонымен қатар, қаланың коммуналдық меншігінен республикалық меншікке 2 әкімшілік ғимарат, 2 автокөлік, 1 қызметтік пәтер 33 моноблок өткізілген.

2022 жылдың қорытындысымен қалалық коммуналдық меншіктегі 252 нысан (оның ішінде: білім басқармасына қарасты – 150 нысан, мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасына қарасты – 13 нысан, дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты – 12 нысан және басқада мекемелер бойынша – 77 нысан) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беріліп, 252 шарт түзілген, жалпы 24,9 мың шаршы метр алаң жалға берілген.

Нәтижесінде бюджетке түсетін түсімдер жоспары 122 000,0 мың теңгені құрап, нақты – 128 371,0 мың теңге түсім түскен, яғни жылдық жоспар 105,2%-ға орындалған.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» №908 Қаулысымен бәсекелес ортаға берілетін ұйымдар тізбесіне қалалық коммуналдық меншіктегі 10 ұйым енгізілген. Оның ішінде: 2022 жылы «Тұрғын үй Шымкент» ЖШС, «Шымкент сушар» ШЖҚ МКК, «Су құбыры және канализация басқармасы» МКК.

2022 жылы коммуналдық меншіктегі 1 нысанды (Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Залалсыздандыру орталығы» МКК) сенімгерлік басқаруға беру бойынша жұмыстар жүргізілген, нәтижесінде аталған нысан тендер жеңімпазы атанған жеке тұлға С.А.Бадаловқа (ЖСН 770130302697) 15 жыл мерзімге кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға берілген.

Шымкент қаласы әкімдігінің 26.05.2022 жылғы №913 қаулысымен тозығы жеткен, жүруге жарамсыз 24 автокөлікті жекешелендіруге бекітілген, нәтижесінде, 22 автокөлік жалпы 45 364,9 мың теңгеге сатылған. Ал, екі

автокөлік (185AL17 және 186AL17 «КАМАЗ 53215 052 15») бағаны төмендету әдісімен сауда-саттыққа шығарылмай, комиссия шешімімен алып тасталынған.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

2022 жылғы жағдай бойынша Шымкент қаласының бюджетінің атқарылуы туралы есебін жасау барысында қалалық басқармаларға қарасты квазимемлекеттік сектор субъектілері 103-мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар (МКҚК), 46 - шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар (ШЖҚ МКК), мемлекет бақылайтын 4 - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС) және 3 - акционерлік қоғамдар (АО) 1 - Комерциялық емес акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық нәтижелері, қалалық қаржы басқармасының квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық-шаруашылық қызметтері туралы ұсынған есептеріне сәйкес талданды.

Атап айтқанда:

1. Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына қарасты 1 акционерлік қоғам (АҚ) тіркелген.

1) «Аэропорт Шымкент» АҚ 2022 жылғы даму жоспарында қаржы-шаруашылық қызметтерін көрсету 4 872 283,0 мың теңгеге жоспарланса, жыл қорытындысымен орындалуы 3 714 900,0 мың теңге немесе 76,0% болған (жедел мәліметтер бойынша). Қоғам өз қаржысы есебінен қызмет атқарған. Жалпы шығыстар 3 357 369,0 мың теңге болса, оның 315 023,0 мың теңгесі әкімшілік шығындарға жаратылған. Бұл көрсеткіш жалпы шығыстардың 9% құраған.

2. Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасына қарасты 1 шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ШЖҚ МКК) тіркелген.

1) Шымкент қаласы «Ветеринарлық қызмет» МКК-ның 2022 жылғы даму жоспарында 466 148,0 мың теңгеге қызмет көрсету жоспарланса, жыл қорытындысымен орындалуы 466 148,0 мың теңге болған. Оның 99,0% немесе 465 148,0 мың теңгесі бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылған. Жалпы шығыстардың 47 160,0 мың теңгесі немесе 10% әкімшілік шығындарға жаратылған.

3. Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына қарасты 2 шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ШЖҚ МКК) тіркелген.

1) «Су құбыры және канализация басқармасы» ШЖҚ МКК-ның 2022 жылғы даму жоспарында 1 183 266,0 мың теңгеге қызмет көрсету жоспарланса, жыл қорытындысымен орындалуы 1 247 964,0 мың теңге немесе 105% болған. Кәсіпорын өз қаржысы есебінен қызмет атқарған. Жалпы шығыстардың 248 605,0 мың теңгесі немесе 18% әкімшілік шығындарға жаратылған.

2) «Қуатжылуорталық-3» ШЖҚ МКК-ның 2022 жылғы даму жоспарында 6 554 707,1 мың теңгеге қызмет көрсету жоспарланса, жыл қорытындысымен